

«Балдәурен» бөбекжай бақшасының  
Менгерушісі



Бекітемін  
Г. Жанибекова  
2022-2023 жыл

# Денсаулық күні

«Дәрігер болғысы келген қоян»

Медбике: Ж. Асанбаева

2022-2023ж

**Тақырыбы:** «Дәрігер болғысы келген қоян»

**Мақсаты:** Балаларды әртүрлі аурулармен және оның себептерімен таныстыру. Жұқпалы және суық тию ауруларының алдын алу шараларының маңызын көрсету. Денсаулықтарын күтіп ұстауға, тазалыққа тәрбиелеу. Білімділік: Әртүрлі аурулармен және оның себептерімен таныстыру. Жұқпалы және суық тию ауруларының алдын алу шараларының маңызын түсіндіру. Дамытушылық: Денсаулыққа байланысты балалардың ой-өрісін арттырып, тілдерін дамыту, қызығушылығын арттыру.

**Тәрбиелік:** Балаларды денсаулығы мықты, ұқыпты, таза, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** денсаулық туралы мақал мәтелдер.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ-жауап, такпақтар.

**Шаттық шеңбері:** Шеңбер болып тұрайық, жылы жүзбен,  
Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген.  
Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,  
Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

**Сабақтың барысы:**

Балалар бугын біз тазалық туралы кеңестер аламыз. Бүгін біздер денсаулық, әр түрлі ауру түрлерін олардың алдын алу туралы әңгіме жүргіземіз. Біз микробтар, бактериялар мен вирустар бар. Олардың ішінде адамға пайдалы, қажетті де, жұқпалы және вирусты ауруларды тудыратын өте қауіптісіде бар. Бірақ адам кішкентай зияндылармен күресуді үйретіп қана қоймай, аурудың алдын алуды да үйренді.

- Слайд бойынша әңгімелеу.
- Микроб, вирус, бактериялар неден қорқады?
- Олар судан қорқады. Біз үнемі жуынып, шомылып, тісімізді тазалап жүрсек деніміз сау болып, ауырмай жүреміз.
- Микроб, вирус, бактериялар шынығудан қорқады. Табиғаттың үш сыйы (күш, су, ауа) біздің ағзамызға әсер етеді және олар ауруларды тұншықтырып, жояды.



- Микроб, вирус, бактериялар тамақтанудан қорқады. Міндетті түрде құнарлы көкөністер мен жемістерді көп жеу керек, бірақ оларды жуып жеуді ұмытпау керек.

- Микроб, вирус, бактериялар егуден қорқады.

Жасыл дәріхана, дәрілік шөптер туралы әңгімелеу. Балалар вирустардан сақтану жолдарын көрсетеді. Осы кезде телефон шырылдайды:

- Ало, Ало Бұл кім екен?
- Дәрігер Сұр қоянба?
- Ия, ия бізге келіңіз, дәрігер сізді асыға күтеміз.

Балалар бізге қонаққа дәрігер Сұр қоян келе жатыр. Ол ел аралап, ұшып келеді, ол жактағы ауру андарды емдеп енді бізбен танысуға және денсаулығымызды қарауға келе жатыр екен.

**Сұр қоян:**

- Сәлеметсіздерме, балалар. Мен сендерге әзер жеттім, алыс елдерді аралап келдім. Ол жакта андарды емдедім. Мен енді сендермен танысып, сендердің денсаулықтырынды тексеруге келдім. Қазір мен сендерді күлімдеген көздерінді, қызғылт түсті беттерінді және әдемі күлкілерінді, тістерінді қарағым келіп тұр.

**Сергіту сәті:** Сұр қоянның балалармен бірге сергіту сәтін өткізу.

Орнымыздан тұрамыз,

Мойнымызды бұрамыз.

Қолымызды көтеріп,

Саусақты ашып жұмамыз.

Онаң соң төмен түсіріп,

Алақанды соғамыз.

-Ай, рахмет балалар шаршағаным басылды. Мен енді балалардан денсаулық туралы не біледі екен соны білгім келіп отыр?

Уа, халқым назар аудар денсаулыққа

Өмірде бақыттысың денің сауда

Денсаулық зор байлық деген сөзді

Орынды айтқан ұлы Абай атамызда.

Сымбат мүсін дегенін,

Бітім көркі дүниенің.

Сымбат жүру әдемі,

Дене қалпын тік ұстап  
Көтеріп сәл кеудені.  
Иық жазып, дұрыстап,  
Түзу отыр қисаймай.  
Бүкірмей, жақтамайма  
Күш сап бас пен арқаға,  
Жатып алма партаға.

Сұр қоян: Балалар ойынның атауы: «Жақсы – жаман».

Мен сіздерге сұрақ қоям, сіздер жақсы – жаман істерді ажырата білулеріңіз керек.

- Тісті тазалау,
- алманы жумай жеу
- кір қожалақ жүру,
- суға түсу
- тап – таза киім кию
- тамақты төгіп – шашып жеу,
- тамақтану үстінде сөйлеп отыру,
- тырнағың өсіп, шашың тарамай жүру,
- тамақтанып болып рахмет айту,
- бөлменің ішін жинап қою, ойыншықтарды жинау.

Сабақты қорытындылау, балаларды мадақтау.